# ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

**Философия және саясаттану факультеті**
**Дінтану және мәдениеттану кафедрасы**

**ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІ ТАРИХЫ (ИКК 2211)**
**ПӘНІ БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАННЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ**
2021-2022 оқу жылының көктемгі семестрі
3 кредит бакалавриат, 2 курс, қ/б

**«6В03102 – Мәдениеттану» білім беру бағдарламасы,**
**Құрастырған: Ғабитов Т.Х.**

Қорытынды емтихан бағдарламасы Дінтану және мәдениеттану кафедра мәжілісінде қаралды және мақұлданды

Хаттама № 1 «___» _____ 2022 ж.

Дінтану және мәдениеттанукафедрасының
меңгерушісі ___________________________ Құрманалиева А.Д.

## ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАНДЫ ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

1. Пән бойынша қорытынды емтиханға1-ші аралық бақылау, Midterm және 2-ші АБ бойынша 50 баллдан жоғары алған білім алушы жіберіледі.
2. Студент қорытынды емтиханға жеке куәлігімен келуі шарт.
3. Қорытынды емтиханға кешігіп келген студент жіберілмейді.
4. Емтихан тапсыру кезінде студентке шпаргалка, ұялы телефон, смарт-сағат, т.б. техникалық құралдарды (рұқсат етілген құралдардан басқа, мысалы: калькулятор, сөздік және т.б.) қолдануға, сондай-ақ басқа білім алушылармен сұрақтық жауабына қатысты сөйлесуге тыйым салынады.

**Емтихан нысаны - жазбаша (эссе)**

**Емтиханды өткізу кестесі**: бекітілген кестеге сәйкес оффлайн форматта

**Сұрақтар саны:** 1 студентке таңдау үшін 3 тақырып беріледі

**Емтихан ұзақтығы:** 1 студентке эссені орындау үшін бір сағат отыз минут уақыт беріледі.
**Бағалау саясаты**: Емтихан қабылдаушы тұлға студенттің жауабына сәйкес балл қояды.

**Ескерту:** Егер студент ауызша емтихан ережелерін бұзса (шпаргалка қолданғаны анықталса немесе т.б. жағдайлар), оның нәтижесі жойылады

## Қазақ мәдениеті тарихы бойынша емтиханының мақсаттары мен міндеттері

Қорытынды емтиханға шығарылатын оқу тақырыптары силлабусқа сәйкес келтіріледі және дәріс, семинар мен өзіндік жұмыс тақырыптарын қамтиды. Қажеті бар жағдайда аталған нысандарды қарауға болады. Қорытынды емтихан Қазақстандағы мәдени мұра мен ескерткіштер туралы **эссе** түрінде қабылданады**.**

Эссенің орындалатын тақырыптары «Универ» жүйесіне алдын ала жүктеледі. Емтиханның мақсаты: бакалавриатта алған білімдерін, дағдыларын толықтыру мақсатында және бакалавриат бағдарламасында нақты білімдерін нақтылау үшін арналған бағдарлама болып табылады. Бағдарлама студенттерге негізгі фундаментальді оқу жоспарына және мәдениеттанудың типтік бағдарламасына сәйкес келеді.

**Эссенің құрылымы:** кіріспе, теориялық баяндама, тарихи мысалдар, өзіндік тәжірибе. Студент тақырыпқа байланысты **қосымша матриалдарды** жүктей алады. Жазбаша жауап пен қосымша матриалдар **антиплагиатпен** тексеріледі.

Эссе орындаудағы басты **талаптар:**

- Эссе шығармашыл сипатта көркемдік элементтері бар жатық тілмен орындалуы қажет.
- Эссенің мазмұны тек теориялық мәселерді емес, еліміздегі мәдени туризмді өркендетуге қатысты болуы керек.
- Әрбір студент эссені жеке оқшауланған жағдайда орындап, университеттің «Қашықтан оқыту» жүйесіне жүктеуі міндет
- Эссенің анықталған және бекітілген тақырыптары емтиханның алдында . «Қашықтан оқыту» жүйесі арқылы жүктеледі.

**Емтиханның негізгі міндеттері:**

- болашақ студенттерді адамзат баласының мәдени жетістіктерін игеруге, мәдениеттің қалыптасуы мен дамуының әмбебаптық заңдылықтары мен негізгі түрлерін меңгеруге және әлемдік мәдениеттің інжу-маржанын өз беттерімен түсініп-білуге, кәсіби деңгейлерін одан әрі арттыруға бағдарлау болып табылады;

- мәдени мәтінге, мәдениетке байланысты қызығушылықтарын және дағдыларын анықтау, философиялық мәдениетке кіретін фундаментальді категориялармен ұғымдардың жауабын қарастыру, мәдениет концепиясын білу, шетелдік ойшылдардың мәдениет байланысты қорытындыларын болашақ магистранттардың қызығушылықтарын тудыру.

- мәдениеттанудың орнын, оның объектісі мен спецификасын, неғұрлым өзекті проблемаларды айқындауға, мәдениет феноменін, оның адамның өмірлік іс-әрекетіндегі рөлін түсіндіре білуге, мәдениеттің базистік құндылықтарын қабылдау, сақтау, болашақ ұрпаққа бере білу жолдарын игеруге, мәдениет формалары мен типтерін, дамуы заңдылықтарын, негізгі мәдени-тарихи региондарды білу, отандық мәдениет тарихын, оның әлемдік мәдениет пен өркениет жүйесіндегі орнын білуге, әртүрлі мәдениеттердің көптүрлілігі және өзіндік құндылықтығы туралы түсінік алуға, қазіргі қоғамның мәдени ортасында бағдар ала білуге, ұлттық және мәдени мұраның сақталуы және артуы жөнінде қамқор бола білуге, тұлғаның қалыптасу жағдайлары, оның бостандығы және тұлғаның өмірді сақтау, қоршаған табиғи ортаның мәдениеті үшін жауапкершілігі туралы түсініктің болуға, қоғамдағы адамдар арасындағы қатынастарын реттеудің адамшылық нормаларын білуге, интелектіні дамыту және таным көкжиегін кеңейту, шығармашылық қызметке, үздіксіз білімін көтеру қажеттілігіне қызығушылықтарын білуге тиісті.

### «Эссе» форматындағы емтихан тақырыптарының жалпы бағдарлаушы тізімі

1. *Қазақстанның мәдениеттанулық феноменіне басқа мәденеиеттердің әсері.* Түркілік мәдениеттің шығуы, бірлік мәдени-тарихилық дамудың үрдісі.Этникалық ерекшеліктері. Қазақ қоғамының этникалық құрылымы. Мәдени-тарихи мұраның мәні. Шығыс пен Батыс мәдениеттер диалогы.

*2. Көшпенділік, номадизм* - шаруашылық жүргізудегі негізгі және өмір сүру тәсілі. Оның әлеуметтік экономикалық, тарихи, географиялық жағдайы, көшпенді өмір тәсілі.

*3. Қазақ мәдениеті көшпенді мәдениеттің* түрі ретінде- отырықшы мәдениетке ауысу әлемі. Қазақтардың өмір сүруіндегі философиялық қатынас әлемі.

*4. Евразиядағы* көшпенділер мәдениеті. Прототюріктер мәдениетіндегі рухани және материальдық мәдениет. Ұлы Жібек жолы және прототюріктер. Номодизмнің рухани мұрасын зерттеу, және олардың халық шығармашылығында көрініс табуы.

5. *Ерте түркі мемлекеті* – Түркі қағанаты. Сол кезеңдегі Иран, Византия секілді ірі мемлекеттермен арақатынасы. Қытай Түркі қағанатының салық төлеушісі. Батыс-Түркі мемлекетінің негізін құраған (603 – 704 жылдары) яғни өз атауы Он Ок эли деп аталатын Қаратау тауларынан Жоңғар тауларына дейін, Шығыс Түркістаннан Орта Азияға дейінгі даланы алып жатқан «он тайпа» туралы.

6. *Қазақстанның Ресей империясының құрамына енуі және білім алудың дамуы.* Ауқатты адамдардың балалары Бұқарадағы, Самарқандтағы, Хиуадағы, Ташкенттегі медреселерде білім алды. Қарапайым көшпелі халықтың балалары негізінен ұл балалар ауыл молдаларынан сауат алды. Зайырлы сипаттағы оқу мектептерінің ашылуы негізінен отарлық аппаратқа шенеуніктерді дайындау қажеттілігімен байланысты болды: тілмаштар, хатшылар дайындау үшін.

7. *Қазақ мәдениетінің көрнекті өкілдері:* Шоқан Уалиханов, Ыбырай Алтынсарин и Абай Құнанбаев.

*8. Қазақ эпосы және фольклор.* Түркі халықтарының тарихында этногенез, әлеуметтік құрылым, саяси жағдай, ұлт-азаттық күрес секілді мәселелерді шешудегі негізгі басымдылық.

*9. Әлемдік өркениеттегі қазақ мәдениетінің орны.* Қазақстан мәдениетінің тарихы концепциясы және евроцентризмді сынау. Номадизм қазақ мәдениетінің архетипі ретінде. Қазақстан территориясындағы ежелгі малшаруашылығымен айналысқан тайпалардың мәдениеті.

*10. Прототүркілер мәдениеті.* Ежелгі сақтардың негізгі сенімі, өнер стилі. Сақтардың «аң стилі» және оның қазақ ою-өрнегінде көрініс табуы. Анарыс – сақ философы. Сақ тайпаларының басқа өркениеттермен мәдени байланысы. Көшпелі халықтың Шығысқа Ұлы қоныс аударуы.. Үйсіндер, қаңлылар, ғұндар прототүрік мәдениетінің негізін салушылары ретінде.

11. *Әлемдік өркениеттегі түркі мәдениетінің орны.* Түркілердің бірінші мемлекеттік құрылуы. Қазақстан территориясындағы қалалар мен елді-мекендер.

12. *Архитектура және өнер.* «Орхон-Енисей» ескерткіштері және оның түркі халықтарының жазбасының қалыптасуындағы орны. Түркілердің діні мен сенімі. Түркі халықтарының космогониясы мен мифологиясы..

13. *Қазақстан Республикасындағы мәдениәлеуметтік жағдай.* Кеңес Одағының құлауы және тоталитарлық мәдениетті бөлшектеу. Ұлтаралыққатынастың өршуі және этномәдениеттердің қақтығысы. Нарық және мәдениет.

*14. Қазақ мәдениетін батыстандыру.* Мәдени қайта жаңғыру мақсаты мен заманның рухани жағдайы. Эрзац-мәдениет және антимәдениет. Діндегі, өнердегі, білім берудегі мәдениәлеуметтік процесстер.

*15. Қазақстан Республикасындағы мәдени жаңғыру бағдарламасы.* Мәдени құрылыстардағы негізгі бағыттар. ҚР ұлттық-мәдени орталықтар және олардың ұлтаралық келісімді нығайтудағы орны. XXI ғасырдағы қазақ мәдениетінің даму алғышарттары.

| | | |
|---|---|---|
| | **Емтиханға дайындалуға арналған сұрақтардың шамалас тізімі** | |

1 Қазақ мәдениеті тарихын ғылым ретінде қалыптасуын сипаттаңыз.
2 Қазақ мәдениеті тарихының типологиялық сипаттамасын көрсетіңіз.
3 Архаикалық мәдениеттің Қазақстан жеріндегі ерекшелігін анықтаңыз.
4 «Қазақ мәдениеті» түсінігіне анықтама беріңіз.
5 Көшпенділердің космологиялық түсініктеріне семантикалық талдау жасаңыз.
6 Суфизмді ислам мәдениетінің феномені ретінде анықтаңыз.
7 Мәдениет және өркениет терминдеріне анықтама беріңіз
8 Қазақ мәдениетінің автохтондығы мен гомогендігіне мысал келтіріңіз
9 Қазіргі суперөркениеттерге мәдениеттанулық талдау беріңіз
10 Қазақстандық мәдениеттегі инновациялар мен дәстүрлерді сипаттап беріңіз.
11 Қазақтардың көшпенді мәдениетіндегі шаманизм рөлін көрсетіңіз.
12 Адамдық құндылықтар мен жаһандық мәселелерді сипаттап, мағынасын ашып беріңіз
13 Қазақстандағы модерн және постмодерн. Олардың ерекше айырмашылықтарын көрсетіңіз.
14 ХХ ғасырдағы Қазақстандағы негізгі мәдениеттанулық мектептер мен бағыттарды анықтаңыз.
15 Сұхбат адамдардың бірлескен тіршілігінің антитоталитарлық формасы ретінде сипаттап беріңіз.
16 Қазақстандық мәдениеттегі инновациялар мен дәстүрлерді сипаттап беріңіз. Араб мәдениетінің әлемі және ерекшелігі: мәдениеттанулық талдау беріңіз
17 Табиғат пен мәдениет. Мәдени экология: мәдениеттанулық талдау беріңіз
18 Қазақ мәдениетінің типологиясына талдау беріңіз
19 Мәдениеттанулық тұрғыдан алғанда әлемдік діндердің рухани өмірдегі қызметін көрсетіңіз.
20 Қазақстан Республикасының мәдени ерекшеліктерін бөліп көрсетіңіз
21 Адамның мәдени дамуының жеке ядролық құндылықтарына сипаттама беріңіз
22 Мәдениет философиясының контексті мен генезисіне мәдени талдау жасаңыз
23 Қазіргі кезеңдегі жаңа мәдениет философиясының мақсаттарын ашып көрсетіңіз
24 Мәдениет философиясындағы ХХ ғ дан ХХІ ғғасыр аралығындағы методологиялық жағдайларға жаңаша сипаттама жасаңыз
25 Қазіргі мәдениет философиясының проблемасын, мәдени философиялық өзгешеліктерін ашып көрсетіңіз
26 . Қазақ мәдениетінің діни жүйелерін талдаңыз
27 Зар-заман ақындардың және жыраулардың рөлін және орнын айқындаңыз
28 Суперцивилизация ұғымына анықтама беріңіз
29 Әл-Фараби мәдениеті тұжырымдамасын талдаңыз
30 Ұлттық сәйкестік ұғымға түсіндіру беріңіз
31 Қазақ мәдениетінің рухани және заттық бастауына талдау беріңіз
32 Қазақ мәдениетіндегі автохтондық және гомогенділік ұғымдарын талдаңыз

| | |
|---|---|
| 33 . Ақындарға және жырауларға өнерде адамгершіліктік әдеп ұғымына анықтама беріңіз<br>34 Қазақ мәдениеті архетипін дәлелдеңіз<br>35 Қазақ мәдениетінде философия ісі және тіліне талдау беріңіз<br>36 Қазіргі замандағы дәстүрлі этикалық құндылықтарды тәрбиемен ұштастыру мәселелерін анықтаңыз.<br>37 «Патриотизм» категориясының қазіргі таңдағы түсінігіне сипаттама беріңіз.<br>38 Батыс құндылықтарының қазақ мәдениетіне ықпалын анықтаңыз.<br>39 . Қазіргі замандағы корпоративті этиканың қажеттілігін негіздеңіз<br>41 «Қазақ мәдениеті дәстүріне және жаңалықтарына салыстырмалы талдау беріңіз<br>42 Қазіргі қазақ мәдениетін сипаттаңыз<br>43Түрік нанымдар ерекшелігін анықтаңыз<br>44 Ақындардың және жыраулардың философиялық мағынасын ашып көрсетіңіз<br>45 М.Қашқари тұжырымдамасына мәдениеттанулық талдау беріңіз<br>46 Орхон-Енисей жазбаларының мәдени мұрасын талдаңыз<br>47 Алтын Орда мәдениетін кестелік әдіспен салыстырыңыз<br>48 Қазақстан аумағындағы шаруашылық мәдени түрлерін кестелік әдіспен салыстырыңыз<br>49 Әлемдік өркениетте түрік мәдениетінің рөлін айқындаңыз<br>50 Қазақ мәдениет типологиясын топтастырыңыз<br>51 Түрік мәдениетінде нанымдардың пайда болу және таралу ерекшелігін айқындаңыз<br>52 Номадтық мәдениеттегі өркениеттер ерекшелігін сипаттаңыз<br>53 Ежелгі нанымдарға (Тәңіршілдік, Умай, Жер-Су) түсіндіру беріңіз.<br>54 Қазақ хандығы құрылуының алғышарты және себептерін айқындаңыз<br>56 О.Сүлейменовтың Қорқыт туралы тұжырымдамасын компаративистикалық кестемен сипаттаңыз<br>57 Ұлы даладағы номадтық тұжырымдамаларды кросс-мәдени тәсілмен мағыналарын ашып көрсетіңіз<br>58 Абайдың «Қара сөздерін» және олардың моралдық мәнін кестелік түрде келтіріңіз<br>59 Ежелгі түріктердің космогониялары және мифологиялары белгілерін кросс-мәдени тәсілмен мағыналарын ашып көрсетіңіз<br>60 Қазақ мәдениетіне Ислам Ренессансының ықпалын компаративистикалық кестемен сипаттаңыз<br>60 Кеңес Одағы кезіндегі қазақ мәдениеті типтерін кестелік әдіспен салыстырыңыз<br>40 Қазақстандағы өнердің жаңа түрлері мен жанрларын кестелік әдіспен салыстырыңыз<br>**Қосымша сұрақтар:**<br>40 «Қайта өрлеу» түсінігінің мәдениеттанулық мәнін ашып беріңіз.<br>41 Мәдениет пен құндылық арақатынасын айқындаңыз.<br>42 Маргиналды мәдениет ұғымын айқындаңыз.<br>43 Жаңа замандағы еуропалық мәдениеттің қалыптасу ерекшеліктерін көрсетіңіз.<br>44 Мәдениеттің структуралистік концепциясын сипаттаңыз.<br>45 Көшпенділердің космологиялық түсініктеріне семантикалық талдау жасаңыз.<br>46 Суфизмді ислам мәдениетінің феномені ретінде анықтаңыз. | |

47 Қазіргі өркениеттегі алғашқықауымдық мәдениеттің сарқыншақтарына сипаттама беріңіз.
48 Мәдениет теориясы ретіндегі өмір философиясының пәні мен міндетін анықтаңыз.
49 Мәдениеттің Юнгтік концепциясындағы рәміз және архетип түсініктерін ашып беріңіз.
50 Ренессанс мәдениетінің философиялық және гностикалық негізін көрсетіңіз.
51 Мәдени психоанализ: оның негізгі өкілдерін және зерттеу мәселелерін көрсетіңіз.
52 Жаңа замандағы еуропалық адамның ойлау стилін баяндаңыз.
53 XX ғасыр мәдениетінің негізгі парадигмаларына сипаттама беріңіз.
54 Мәдени антропологияның философиялық ілімдер жүйесіндегі орнын анықтаңыз.
55 Мәдениеттің типологиялық сипаттамаларын анықтаңыз

**Білімді бағалау критерийлері**

«Мәдениеттану» пәні бойынша талапкер келесі құзыреттіліктерге ие болуға тиісті:

- зерттеудің жаңа әдістерін дербес үйренуге, өзінің кәсіби қызметі бойынша ғылыми және ғылыми-өндірістік, профильді өзгерістерді, қоғамдағы туындайтын мәселелерді шешуге қабілетті болуы керек.

- кәсіби бағдары бойынша шешім қабылдауға жауапкершілікке дайын болу, мәселелік жағдайды шеше білу, стандарттан тыс шешімдер қабылдауға қабілетті, мәселелік жағдайларды шешуге қабілеттілік.

- мәдениеттанулық, әлеуметтік-саяси және ғылыми әдебиеттерді дербес талдауға, қоғамның әлеуметтік экономикалық және рухани дамуындағы үдерістерді ғылыми талдау негізінде болжамдар мен ұсыныстар жасауға қабілеттілік;

- стандартты кәсіби міндеттерді шешу дағдысын, логикалық және сыни ойлатуды дамыту, шешімнің дәйектілігін айқындау, ауызша және жазбаша формада ойын дұрыс және логикалық негізінде айқындау, ақпараттық және білім беру технологиясы негізніде өз білімін жетілдіру, ақпарат және жасапмаз шешімдерді іздестіру, кәсіби және жеке тәжірибесін кемелдендіру.

**Білімді бағалау шкаласы:**

| **Бағаның әріптік эквиваленті** | **Бағаның сандық эквиваленті (GPA)** | **Балл %** | **Дәстүрлі жүйеде бағалау** |
|---|---|---|---|
| A | 4 | 95-100 | "Өте жақсы" |
| A- | 3,67 | 90-94 | |
| B+ | 3,33 | 85-89 | "Жақсы" |
| B | 3 | 80-84 | |
| B- | 2,67 | 75-79 | |
| C+ | 2,33 | 70-74 | "Қанағаттанарлық" |
| C | 2 | 65-69 | |
| C- | 1,67 | 60-64 | |
| D+ | 1,33 | 55-59 | |
| D | 1 | 50-54 | |
| F | - | 0-49 | "Қанағаттанарлықсыз" |
| I | - | - | "Пән аяқталмаған" |
| W | - | - | "Пәннен бас тарту" |
| AW | - | - | "Пәннен шығарылған" |
| AU | - | - | "Пән тыңдалды" |
| P/NP (Pass / No Pass) | - | 65-100/0-64 | "Есептелді/ есептелмеді" |
| W (Withdrawal) | - | - | "Пәннен бас тарту" (GPA есептегенде ескерілмейді) |
| AW (Academic Withdrawal) | - | - | "Академиялық себептермен пәннен босату (GPA есептегенде ескерілмейді) |
| AU (Audit) | - | - | "Пән тындалды" (GPA есептегенде ескерілмейді) |
| R (Retake) | - | - | "Пәнді қайтадан оқу" (GPA есептегенде ескерілмейді) |
| Атт. | - | 30-60<br>50-100 | "Аттестатталды" (GPA есептегенде ескерілмейді) |

**Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:**

**Әдебиет:**

Мәдениеттану: Оқулық, ұжымдық монография – Алматы: Лантар Трейд, 2019. ISBN 978-601-250-155-1. – 416 б.

Жолдубаева А.К. Культурология: практикум. - Алматы Қазақ университеті, 2014.

Жаһандану және Қазақстанның заманауи мәдениеті: ұжымдық монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. –334 б. ISBN 978-601-04

Дәстүрлі және заманауи қазақ мәдениеті. Хрестоматия (Электрондық кітап). Авторлар ұжымы. Традиционная современная культура Казахстана. Коллектив авторов. - Алматы: Қазақ университеті, 2018.

Ғабитов Т.Х. Қазақ мәдениетінің тарихы: Оқулық (ҚР БҒМ РОӘК). – Алматы: Эверо, 2018. – 343 с.

Нуржанов Б.Г., Ержанова А.М. Культурология. - Алматы, 2011.

Нуржанов Б.Г. Модерн. Постмодерн. Культура. – Алматы: Өнер, 2012

Мәдени-философиялық энциклопедия. Авторлар ұжымы – Алматы: Лантар Трейд, 2019. – 344 б.

Gabitov Tursun. Kazakh culture challenges . - Almaty: Evero, 2018. - 234 p.

Қазақстан руханияты мен мәдени ескерткіштерінің энциклопедиясы. Авторлар ұжымы. - Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 298 б.

Жолдубаева А.К. Мәдени антропология: негізгі мектептер және бағыттар. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 160 б.

**Интернет-ресурстар:**

- **http://www.countries.ru**
- **http://www.gumer.info**
- **http://www.russianculture.ru/**